ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1266831 сатып алу бойынша
Ашық тендер тәсілімен

Лот № 1 (119 Р, 4569768) Құрылыс бойынша «толық аяқталған» кешендік жұмыстар

Тапсырыс беруші: "Қазгермұнай" бірлескен кәсіпорны " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Ұйымдастырушы: "Қазгермұнай" бірлескен кәсіпорны " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	**Мәні**
Жол нөмірі	119 Р
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Құрылыс бойынша «толық аяқталған» кешендік жұмыстар, Жобалық және іздестіру жұмыстарды атқаруды, "кілтке" салуды, жобалық пен іздестіру жұмыстарын басқаруды, "кілтке" салуды (қажет болған кезде) қамтитын құрылыс бойынша кешенді жұмыстар және аталған жұмыстарға ілесе жүретін тауарларды жеткізу, қызметтерді көрсету
Қосымша сипаттама	Кірме жолдар мен 9 ұңғыма алаңдарын салу бойынша кешенді жұмыстар 2027ж.
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Қызылорда облысы, м/р КГМ
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	Шартқа қол қойылған күннен бастап 210 күнтізбелік күні
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 30%, Аралық төлем - 60%, Соңғы төлем - 10%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

ТЕХНИКАЛЫҚ ТАПСЫРМА

«2027 жылғы 9 ұңғыманың кіреберіс жолдары мен алаңдарын салу бойынша кешенді жұмыстар» объектісі бойынша жұмыстарды орындауға

Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық пайдалану сипаттамалары

1. КІРІСПЕ

1.1. Осы техникалық тапсырма «2027 жылғы 9 ұңғыманың кіреберіс жолдары мен алаңдарын салу бойынша кешенді жұмыстар» (бұдан әрі – Объект) объектісін кейіннен «дайын күйінде тапсыру» («под ключ») шартымен салуды орындай отырып, жұмыс жобасын әзірлеу бойынша жұмыстарды қамтиды.

1.2. Орындалған жұмыстар, сондай-ақ құрылыс кезінде қолданылатын материалдар мен жабдықтар ҚР заңнамасының, нормативтік құжаттардың және жобалау құжаттамасының талаптарына жауап беруге, заңмен қорғалатын қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ ҚР-дағы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарға сәйкес келуге тиіс.

1.3. Жұмыстарды орындау орны – Қызылорда облысы, «Қазгермұнай» БК» ЖШС-нің кен орындары.

2. ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ КЕСТЕСІ

2.1 Шартқа қол қойылған сәттен бастап жобалауды қоса алғанда, құрылыс жұмыстарын орындау және аяқтау мерзімі 210 (екі жүз он) күнтізбелік күн ішінде, оның ішінде:

2.1.1. Жұмыс жобасын әзірлеу – келесі құрамда 50 (елу) күнтізбелік күн:

а. Есептерді жасай отырып, топографиялық-геодезиялық ізденістерді орындау – 10 күн;

б. Жұмыс құжаттамасының бөлімдерін әзірлеу – 20 күн;

в. Сметалық құжаттаманы әзірлеу – 8 күн;

г. ҚОӘБ (қоршаған ортаға әсерді бағалау) бөлімін әзірлеу – 10 күн;

д. Жобаны Тапсырыс берушімен келісу – 2 күн;

2.1.2. Бақылаушы/мүдделі органдардан келісімдер алу және осы Техникалық тапсырмаға №14.1 қосымшаның «Жобалауға тапсырма» 26-тармағына сәйкес жобалау-сметалық құжаттаманың толық пакетін қабылдау-тапсыру актісі бойынша Тапсырыс берушіге бере отырып, мемлекеттік экологиялық сараптама мен жобаның мемлекеттік сараптамасының қорытындысын алу процесін сүйемелдеу – 80 (сексен) күнтізбелік күн.

2.1.3. Объектіні «дайын күйінде тапсыру» («под ключ») құрылысы – 80 (сексен) күнтізбелік күн.

2.2 Кестенің 2.1.1; 2.1.2; 2.1.3 тармақшаларының шарттары сақталмаған және жобалау мен құрылыс мерзімдері бұзылған жағдайда, Мердігер Шарттың 20-бөліміне сәйкес жауапты болады.

2.3 Тапсырыс берушінің кінәсінен жұмыстар тоқтатыла тұрған жағдайда, мысалы, «Қазгермұнай» БК» ЖШС-нің қолданыстағы инженерлік коммуникацияларын көшіруге байланысты жұмыстарға орай немесе кез келген басқа себеппен, жұмыстарды орындаудың жалпы мерзімі Тапсырыс берушінің кінәсінен жұмыстар тоқтатыла тұрған уақыт кезеңіне сәйкесінше шегеріледі. Бұл ретте мердігер ұйым Тапсырыс берушінің кінәсінен жұмыстардың тоқтатыла тұру фактісі туралы «Қазгермұнай» БК» ЖШС-нің Күрделі құрылыс департаментіне (КҚД) және басшылығына жазбаша түрде дереу хабарлауға міндеттенеді.

3. НЕГІЗГІ ЖҰМЫС КӨЛЕМДЕРІ:

3.1 Ұңғымаларға баратын кіреберіс автожолдарын салу:

3.1.1	Автожолдардың санаты	IV-В
3.1.2	Жүру бөлігінің ені	4,5 м
3.1.3	Жиектердің ені	2 х 1,0 м
3.1.4	Жүру бөлігі мен жиектердің көлденең еңістігі	30 ‰

3.1.5	Жалпы ұзындығы*	3 650 м
3.1.6	Топырақтың құнарлы қабатын сыдыру*	h ≤ 200 мм
3.1.7	Жергілікті топырақтан ылғалдандыра және тығыздай отырып, жер төсемін орнату	3 650 м
3.1.8	Тапсырыс берушіде кең тараған пайдалы қазбаларды (КҚП) өндіруге арналған өз карьерлерінің болмауына байланысты, Мердігердің карьерінен тасымалдай отырып, қалыңдығы t ≥ 200 мм жер төсемінің жұмыс қабатын орнату.	Жобамен анықталады
3.1.9	Тапсырыс берушіде кең тараған пайдалы қазбаларды (КҚП) өндіруге арналған өз карьерлерінің болмауына байланысты, Мердігердің карьерінен тасымалдай отырып, тығыздаумен (Ктығызд. = 1,05) қалыңдығы t ≥ 150 мм қиыршық тас-құм қоспасынан жол киімін орнату.	Жобамен анықталады
3.1.10	Екі жағынан да жиектерді нығайту және еңістерді жоспарлау (планировкалау)	3 650 м

3.1.11	Кіреберіс жолдардың қолданыстағы инженерлік желілермен (шығару желілерінің шыны-талшықты (ГФК) құбырлары, ТОБЖ (ВОЛС), су құбыры және т.б.) қиылысуларын орнату. Қиылыстарда ПАГ 6 х 1,5 х 0,14 м плиталарын төсеуді қарастыру.	Саны жобамен анықталады
3.1.12	Кіреберіс жолдардың қолданыстағы 6 кВ ӘЖ (ЛЭП-6 кВ) инженерлік желілерімен қиылысуларын орнату (тіректерді траверстермен ұзарту/өсіру)	Саны жобамен анықталады

3.2 Бұрғылау қондырғыларына арналған алаңдарды салу, өлшемдері:

3.2.1	Алаңдар саны	9 бірлік
3.2.2	Бір алаңның өлшемдері	100,0 х 80,0 м
3.2.3	Топырақтың құнарлы қабатын сыдыру*	$h \leq 200$ мм
3.2.4	Жергілікті топырақты жылжыта отырып, тік жоспарлау (вертикальная планировка)	7,2 га

3.2.5	Тапсырыс берушіде кең тараған пайдалы қазбаларды (КҚП) өндіруге арналған өз карьерлерінің болмауына байланысты, топырақты Мердігердің карьерінен тасымалдай отырып, алаңның жұмыс қабатын орнату t ≥ 200 мм.	7,2 га
3.2.6	Тапсырыс берушіде кең тараған пайдалы қазбаларды (КҚП) өндіруге арналған өз карьерлерінің болмауына байланысты, Мердігердің карьерінен тасымалдай отырып, тығыздаумен (Ктығызд. = 1,05) қалыңдығы t ≥ 150 мм қиыршық тас-құм қоспасынан алаң жабынын орнату.	7,2 га
3.2.7	Алаң еңістерін жоспарлау (планировкалау). Көлемі жобамен анықталады.	9 бірлік

** Жобалау-ізденіс жұмыстарының нәтижелері бойынша жұмыс көлемдері ±2%-ға өзгеруі мүмкін.*

4. ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ САПА КӨЛЕМІН БАҚЫЛАУ

4.1. Мердігер орталықтандырылған платформада сәулет, қала құрылысы және құрылыс қыз метін сүйемелдеудің мемлекеттік цифрлық жүйелерінің «бір терезе» қағидаты бойынша жол-құрылыс жұмыстарының жүргізілуіне жауапты, қолданыстағы ЭЦҚ-сы бар инженерлік-техн икалық қызметкерді тағайындауға міндеттенеді.

4.2. Мердігер Қазақстан Республикасы Құрылыс кодексінің 118-бабы 2-тармағының талапта рын сақтауға міндеттенеді.

4.3. Шартқа қол қойылғаннан кейін Мердігер 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге жұмыс жүргізу кестесін және материалдарды жеткізуші туралы ақпаратты, материалдарды т асымалдаудың басталу және аяқталу күнін егжей-тегжейлі көрсете отырып, материалдарды жеткізу кестесін бекітуге ұсынуға міндеттенеді. ҚР 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 125-VI «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексіне сәйкес, Тапсырыс беру шіде кең тараған пайдалы қазбаларды (ККП) өндіруге арналған өз карьерлерінің болмауына байланысты, мердігердің меншік құқығындағы карьері болуы тиіс немесе ККП-ға құқық бел гілейтін құжаттар мен сәйкестік сертификаттарын ұсына отырып, басқа пайдаланушының ка рьерінен ККП өндіру құқығын алуы керек.

4.4. Мердігер құрылыс жұмыстарының сапасына қойылатын жобалау және нормативтік-тех никалық құжаттама талаптарының ұйымдастырушылық және технологиялық тұрғыдан сақта луын қамтамасыз етуге міндеттенеді, атап айтқанда, құрылыс басталғанға дейін Мердігер ҚР ҚН 1.03-00-2022 «Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындардың, ғимараттар мен құрылыстардың құр ылысын ұйымдастыру» талаптарына сәйкес әзірленген жұмыс жүргізу жобасын (бұдан әрі – ЖЖЖ) ұсынуға міндеттенеді.

4.5. Жұмыс жүргізу жобасында жұмыс істеушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олар ға санитарлық-гигиеналық қызмет көрсету бойынша техникалық шешімдер мен негізгі ұйым дастырушылық іс-шаралар қамтылуы тиіс.

4.6. ЖЖЖ құрамында әзірленетін құжаттар мен басқа да материалдардың тізбесі:

- титул парағы;
- құжаттар тізімдемесі;
- түсіндірме жазба;
- құрылыс жұмыстарын жүргізудің күнтізбелік жоспары;
- негізгі механизмдердің қозғалыс кестесі;
- жұмысшы кадрлардың қозғалыс кестесі;
- жұмыстардың белгілі бір түрлері үшін пайдаланылған материалдардың саны егжей-тегжейлі көрсетілген материалдар тізімдемесі.

4.7. Жол-құрылыс жұмыстарының жүргізілуіне жауапты инженерлік-техникалық қызметкер құрылыс объектісінде тұрақты болуға және өзімен бірге жұмыс сызбалары мен жұмыс жүргізу жобасын (ЖЖЖ) алып жүруге міндетті.

4.8. Мердігер жөндеу жұмыстарының операциялық бақылауын жүргізуді және құжаттандыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4.9 Мердігер ҚР ҚН 1.03-00-2022 «Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындардың, ғимараттар мен құрылыстардың құрылысын ұйымдастыру» 15.1-тармағына сәйкес атқарушылық-техникалық құжаттаманы (АТҚ) жүргізуге міндеттенеді. Мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор қаражаты есебінен қаржыландырылатын құрылыс объектілерінде, сондай-ақ қаржыландыру көзіне қарамастан тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілерде атқарушылық құжаттама орталықтандырылған платформада «бір терезе» қағидаты бойынша құрылысты жүргізуді ұйымдастыруға арналған ақпараттық жүйеде «бір терезе» қағидаты бойынша құрылысты жүргізуді ұйымдастыруға арналған портал мен ақпараттық жүйелерді жүргізу тәртібін айқындайтын Қағидаларға сәйкес электрондық нысанда жүргізіледі.

4.10. Мердігер сатып алынатын барлық бұйымдар мен материалдарды Тапсырыс берушімен келісуге міндеттенеді.

4.11. Мердігер өз жұмыскерлерін тамақпен, тұрғылықты орынмен және көлікпен қамтамасыз етуге міндеттенеді. «Қазгермұнай» БК» ЖШС аумағына кіру және жұмыстарды жүргізу үшін, кіруге 3 (үш) жұмыс күні қалғанда «Қазгермұнай» БК» ЖШС басшылығының атына мамандардың А.Ә.Ә-ін, санын, болу уақытын, көліктің мемлекеттік нөмірін, объектінің атауын және Шарт нөмірін көрсете отырып хат жолдауы тиіс.

4.12. Мердігер материалдар мен бұйымдардың ҚР қолданыстағы заңнамасына және нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес қоршаған ортаны қорғаудың барлық талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4.13. Осы тапсырмада көзделген жер, дәнекерлеу, электр монтаждау және жұмыстардың басқа да түрлерінің сапасын бақылау кезінде ҚР қолданыстағы нормативтік құжаттарына сәйкес келіп түсетін материалдардың қабылдау және инспекциялық сапасын бақылау қажет.

4.14. Мердігер ҚР ҚНжЕ 1.03-05-2017 «Құрылыстағы еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі» талаптарына, сондай-ақ «Қазгермұнай» БК» ЖШС-де белгіленген барлық техника қауіпсіздігі нормаларына сәйкес құрылыс алаңында еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4.15. Жұмысқа тартылған мердігер мамандарының өзімен бірге қолданыстағы келесі куәліктері болуы тиіс:

- өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша;
- өрт-техникалық минимум көлемінде өрт қауіпсіздігі бойынша.

4.16. Мердігер қажетті өртке қарсы іс-шаралардың сақталуына жауапты болады.

4.17. Мердігер жұмыстардың ҚР экологиялық заңнамасының талаптары мен нормаларына, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Жол-құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде аумақты жүйелі түрде санитарлық тазартудан өткізіп тұруы тиіс.

4.18. Мердігердің кінәсінен авариялық/штаттан тыс жағдай туындаған жағдайда, қоршаған ортаға келтірілген зарарды өтеуге, сондай-ақ өз қаражаты есебінен жою-рекультивациялау жұмыстарын жүргізуге міндетті.

4.19. Мердігер қалдықтардың барлық түрлерінің (құрылыс қоқысы, ҚТҚ және т.б.) түзілу көлемінің санына есеп жүргізеді және Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша мұндай мәліметтерді дереу береді (жүккұжаттар, қалдықтарды әкету актілері).

4.20. Мердігер жұмыстарды жүргізу кезінде қоршаған ортаның ластануына, соның ішінде Тапсырыс берушінің аумағында және іргелес жерлерде рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерінің пайда болуына жол бермеуге міндетті.

4.21. Мердігер түзілген қалдықтарды жинайтын орынды қарастыруға және биодәретханалар орнатуға міндеттенеді. ҚМЖ (құрылыс-монтаждау жұмыстары) кезеңінде түзілетін қалдықтарды әкетуді жүзеге асыруы тиіс.

4.22. Мердігердің қызметі және оның өзге де іс-әрекеттері нәтижесінде орын алған ықтимал оқиғалар үшін мемлекеттік бақылаушы органдар Тапсырыс берушіге айыппұл санкцияларын қолданған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге келтірілген зарарды өтеу бойынша толық материалдық жауапты болуға міндеттенеді.

4.23. Мердігер жүкті құрылыс алаңына дейін тасымалдау кезінде жеткізілетін материалдарға барлық рұқсат беру құжаттарын алуға жауапты болады.

4.24. Мердігер қызметкерлердің іс-әрекетінен туындаған қоршаған ортаның ластану зардаптарын уақтылы жоюға міндеттенеді.

4.25. Жол-құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде Мердігер қолданыстағы ИТ (инженерлік технологиялық) желілерінің, электр сымдарының, байланыс және кабельдік телевидение желілерінің зақымдалуына жауапты болады.

4.26. Мердігердің барлық жабдықтары, құралдары, машиналары мен механизмдері жақсы пайдалану күйінде және жол-құрылыс жұмыстары кезінде оларды пайдалану қауіпсіз болуы тиіс. Мердігер өзінің жабдықтарын, құралдарын, машиналары мен механизмдерін техникалық күтуге, отынға, жанар-жағармай материалдарына жұмсалатын барлық шығындарды, сондай-ақ олар бұзылған, жоғалған немесе зақымдалған жағдайда оларды дереу ауыстыру шығындарын өзі көтереді. Мердігердің жабдықтарын, машиналары мен механизмдерін барлық техникалық жөндеу және жанармай құю жұмыстары жұмыс уақытынан тыс уақытта орындалуы тиіс.

4.27. «Қазгермұнай» БК» ЖШС Мердігердің техникасы немесе жабдығы стандарттарға техникалық тұрғыдан сәйкес келмеген жағдайда, оларды жұмысты орындаудан шеттету құқығын өзіне қалдырады. Бұл жағдайда Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша 24 сағат ішінде техниканы немесе жабдықты ауыстыруға міндетті.

4.28. Мердігер қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізу кезінде оларды тек наряд-рұқсат болған жағдайда және тікелей жұмыс орнында мақсатты нұсқама жүргізілгеннен кейін ғана орындауға міндеттенеді.

4.29. Мердігер жұмыс түрі мен тәуекел дәрежесін ескере отырып, өз жұмыскерлерін заңнамада белгіленген нормалардан кем емес мөлшерде арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етуге міндеттенеді:

<u>Арнайы киімнің және жеке қорғану құралдарының атауы:</u>

- Костюм (күрте + жартылай комбинезон / немесе шалбар, жазғы);
- Костюм (күрте + жартылай комбинезон / немесе шалбар, жылытылған);
- Қатты тұмсықты былғары бәтеңке;
- Қатты тұмсықты жылытылған былғары етік / Қатты тұмсықты жылытылған былғары бәтеңке;
- Резеңке етік;
- Қорғаныш каскасы;

- Каска астына киетін бас киім (подшлемник);
- Қорғаныш көзілдірігі;
- Су өткізбейтін сіңірмесі бар қолғап, жазғы;
- Су өткізбейтін сіңірмесі бар қолғап, жылытылған.

Арнайы киім матасына қойылатын талаптар:

- Май және су өткізбейтін сіңірмесі бар мақта-матадан жасалған маталар.

Берілу нормасы мен мерзімдері (бірлік, жұп, жиынтық саны):

- Костюм (күрте + жартылай комбинезон / немесе шалбар, жазғы) – жылына 1 жиынтық;
- Костюм (күрте + жартылай комбинезон / немесе шалбар, жылытылған) – 3 жылға 1 жиынтық;
- Қатты тұмсықты былғары бәтеңке – жылына 1 жұп;
- Қатты тұмсықты жылытылған былғары етік / Қатты тұмсықты жылытылған былғары бәтеңке – 3 жылға 1 жұп;
- Резеңке етік – 1 жылға 1 жұп;
- Қорғаныш каскасы – тозғанға дейін 1 дана;
- Каска астына киетін бас киім (подшлемник) – жылына 1 дана;
- Қорғаныш көзілдірігі – тозғанға дейін 1 дана;
- Су өткізбейтін сіңірмесі бар қолғап, жазғы – жылына 1 жұп;
- Су өткізбейтін сіңірмесі бар қолғап, жылытылған – жылына 3 жұп.

4.30. Мердігер өндірістік тәуекел жағдайында жұмысты бастамас бұрын адамдар үшін қауіпті аймақтарды белгілеуі тиіс, олардың шегінде орындалатын жұмыстардың сипатына байланысты қауіпті өндірістік факторлар тұрақты әрекет етеді немесе әрекет етуі мүмкін. Адамдар үшін қауіпті аймақтарды, учаскелерді ұжымдық қорғаныс құралдарымен (қоршау ленталары, құрылыс немесе жөндеу жұмыстарының жүргізіліп жатқаны туралы ескерту белгілері) қамтамасыз ету қажет.

4.31. Мердігердің есепті кезеңде орындаған барлық нақты жұмыс көлемдері Ф.3-1 нысанындағы Орындалған жұмыстар актісінде (осы ТТ-ға №14.1 қосымша) тіркеледі, ал жұмыстарды орындау барысында қолданылған материалдық ресурстар мен жабдықтар Ф. 3.1 актісіне Материалдық ресурстар мен жабдықтар ведомосында (осы ТТ-ға №14.2 қосымша) көрсетіледі және оларға келесі қызметкерлердің қолдары қойылуы тиіс:

4.31.1. «Қазгермұнай» БК» ЖШС:

1. Мұнай және газ өндіру департаментінің (МГӨД) директоры;
2. МГӨД директорының орынбасары;
3. МГӨД директорының орынбасары;
4. Нұралы, Ақсай кен орындарының басшысы;
5. Күрделі құрылыс жөніндегі жетекші инженер;
6. Қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі инженер;

4.31.1. «Қазгермұнай» БК» ЖШС:

- Мұнай және газ өндіру департаментінің (МГӨД) директоры;
- МГӨД директорының орынбасары;
- МГӨД директорының орынбасары;
- Нұралы, Ақсай кен орындарының басшысы;
- Күрделі құрылыс жөніндегі жетекші инженер;

- Қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі инженер;

4.31.2. Авторлық қадағалау;

4.31.3. Техникалық қадағалау.

4.32. Ф.3-1 актісі негізінде орындалған жұмыстардың жиынтық (накопительный) Актісі жасалады, оған Мердігер мен «Қазгермұнай» БК» ЖШС-нің келесі қызметкерлері қол қояды:

- Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары;
- Күрделі құрылыс департаментінің (КҚД) директоры;
- КҚД директорының орынбасары;
- КҚД жоба жетекшісі.

4.33. Мердігер материалдарға/жабдықтарға арналған барлық техникалық құжаттаманы қазақ немесе орыс тілдерінде жеткізеді, ал жиынтықтылығын (комплектациясын) дайындаушы елдің талаптарына сәйкес анықтайды. Мердігер Тапсырыс берушіге дайындаушы зауыттың барлық қажетті техникалық құжаттамасын (ҚР-да материалдар мен жабдықтарға белгіленген үлгідегі паспортты, ҚР сәйкестік сертификатын, ҚР қолдануға рұқсатты және т.б.) ұсынуға міндеттенеді.

4.34. Мердігер объектінің қабылдауға және пайдалануға берілуге толық дайындығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттамасының талаптарына сәйкес атқарушылық-техникалық құжаттаманы (АТҚ) толық көлемде дайындауға және тапсыруға міндетті. АТҚ-ны тапсыру өткізілетін құжаттаманың толық тізілімін қоса бере отырып, қабылдау-тапсыру актісі бойынша Ақшабұлақ кен орнының ККБ (ОКС) инженеріне жүзеге асырылады.

4.35. Мердігер Тапсырыс берушіге әр бейсенбі сайын ЖІЖ (ПИР), ҚМЖ (СМР) бойынша апталық есепті және материалдарды жеткізу мәртебесін ұсынып тұруға міндеттенеді.

4.36. Құрылыс аяқталғаннан кейін ОБЪЕКТІНІ пайдалануға беру Қазақстан Республикасы Құрылыс кодексінің 132-бабына сәйкес орындалады.

Объектіні қабылдауға және пайдалануға бергенге дейін Мердігер келесілердің болуын қамтамасыз етуі тиіс:

- Бас мердігер ұсынған сәйкестік туралы декларация;
- Техникалық қадағалау берген орындалған жұмыстардың сапасы туралы оң қорытынды;
- Авторлық қадағалау берген орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға сәйкестігі туралы оң қорытынды;
- Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған цифрлық жүйесінде тіркеу үшін мемлекеттік қала құрылысы кадастрына жіберуге арналған жерасты инженерлік желілерінің және/немесе ғимараттардың (құрылыстардың) нақты орналасуының атқарушылық геодезиялық түсірілімі;
- Мердігер объектіні қабылдау комиссиясына тапсыру үшін барлық қажетті ұйымдастырушылық іс-шараларды қарастыруы тиіс.

4.37. Объект Қазақстан Республикасы Құрылыс кодексінің 134 және 135-баптарының талаптары толық орындалғаннан кейін пайдалануға қабылданды деп есептеледі.

4.38. Мердігер құрылыс құжаттамасын жүргізуді және салынып жатқан ОБЪЕКТІНІ бақылауды Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 29 маусымдағы № 337 бұйрығымен бекітілген «Бір терезе» қағидаты бойынша құрылысты жүргізуді ұйымдастыруға арналған портал мен цифрлық жүйелерді жүргізу тәртібін айқындайтын қағидаларға сәйкес жүргізуге міндеттенеді.

5. ЕРЕКШЕ ШАРТТАР:

5.1 Мердігер порталға қол жеткізу үшін платформаны әзірлеушімен шарт жасасады, өйткені ҚР ҚНДЖ 8.04-09-2022 «Қосымша шығындардың сметалық нормалары. Құрылысты ұйымдастыруға және басқаруға жұмсалатын шығындар» А қосымшасының 1-бөлімі В тармақшасына сәйкес, басқа ұйымдар көрсететін тиісті қызметтерге ақы төлеу шығындары сметалық нормалармен ескерілген, жалпы құрылыс бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын ұйымдастырумен және басқарумен байланысты мердігер ұйымның жалпы алаңдық шығындарының тізбесіне енгізілген. Ақпараттық жүйелерді ұстау осы тізбеге жатқызылған.

5.2 Мердігер Жобалаушыға «2027 жылғы 9 ұңғыманың кіреберіс жолдары мен алаңдарын салу бойынша кешенді жұмыстар» жұмыс жобасын әзірлеуге жұмсалған шығындарды төлейді.

5.3 Ұсынылатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сапасына кепілдік беру: Мердігер Тапсырыс беруші түпкілікті қабылдау актісіне қол қойған сәттен бастап ұзақтығы 36 (отыз алты) күнтізбелік ай кепілдік мерзімі ішінде жұмыс нәтижелерін пайдалану мүмкіндігіне кепілдік береді.

ҚР СТ (СТ РК) 1125-2021 «Жол жүрісін ұйымдастырудың техникалық құралдары. Жол белгілері. Жалпы техникалық талаптар».

3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталатын құрылыс нысандарының жауапкершілік деңгейі туралы ақпарат

Жоба нәтижелері бойынша анықталады.

4. Техникалық стандарттар

№ р/с	ҚР тіркелген	Белгіленуі	Құжат нөмірі	Санаты	Атауы	Қолдану саласы	Әзірлеуші	Беттер	МКС	Мәртебесі	Бұйрық	Енгізу күні бастап	К б
1	Иә	ГОСТ 12.1.004-91	304012	Межгосударственный стандарт	Система стандартов безопасности труда. Пожарная безопасность. Общие требования	МКС: 13.220.01 КГС: Т58	СССР (СССР)	68	Стандарты общего назначения, связанные с защитой от пожаров	Действует		01.07.1992	
					Система стандартов безопа						Приказом Председателя Комитета		

2	Иә	СТ РК 12.0.002-2016	387008	Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты	сности труда. Система управления охраной труда в организациях. Руководство по оценке и управлению рисками	Настоящий стандарт устанавливает требования к оценке и управлению рисками в сфере безопасности и охраны труда	Нет ()	0	Организация фирми управление ими	Действует	технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от «23» ноября 2016 года № 297-од	01.01.2018
3	Иә	СТ РК 2607-2015	382356	Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты	Технические средства организации движения в местах производства дорожных работ основные параметры. Правила применения	Настоящий стандарт распространяется на технические средства организации дорожного движения, применяемые на временной основе (далее - временные технические средства организации дорожного движения) в местах строительства, реконструкции и (или)	"Ќазаќстан стандарттау жјне сертификаттау институты" РМЌ (г. Нур-Султан, пр. Мәңгілік Ел 11)	0	Услуги	Действует	Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 19 ноября 2015 года № 230-од.	01.07.2016

						ремонта автомобильных дорог общего пользования.						
4	Иә	СТ РК 1412-2017	390990	Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты	Технические средства регулирования дорожного движения Правила применения	Настоящий стандарт распространяется на технические средства регулирования дорожного движения: дорожные знаки, дорожную разметку, светофоры, дорожные ограждения, направляющие устройства, сборные искусственные неровности и шумовые полосы на всех сооружаемых и эксплуатируемых дорогах, улицах в городах и сельских поселках, железнодорожных переездах (далее - дороги)	Нет ()	0	Дорожное оборудование и установки	Действует	Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 09.10.2017 года № 274-од	01.02.2018

						и устанавливает правила их применения.						
5	Иә	СТ РК 1088-2003	80465	Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты	Пожарная безопасность. Термины и определения	Настоящий стандарт устанавливает применяемые в науке, тех-нике и производстве термины и определения основных понятий в об-ласти пожарной безопасности. Термины и определения, установленные настоящим стандартом, обязательны для применения во всех видах документации, технической, справочной и учебной литературы, входящих в сферу	Нет ()	56	Охрана окружающей среды, защита человека от воздействия окружающей среды. Безопасность (Словари)	Действует	приказом Комитета по стандартизации, метрологии и сертификации Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от 06 июня 2003 г. № 191	01.01.2004

						действия стандар-тизации и использующих результаты этой деятельности.						
6	Иә	ГОСТ 21924.0-84	333053	Межгосударственный стандарт	Плиты железобетонные для покрытий городских дорог. Технические условия	МКС: 91.080.40 КГС: Ж33	СССР (СССР)	20	Бетонные конструкции	Действует	Постановлением Государственного комитета СССР по делам строительства от 30.09.1983 г. № 210	01.01.1984

5. Нормативтік-техникалық құжаттар

№ р/с	Атауы
1	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС КОДЕКСІ Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 253-VIII ҚРЗ Кодексі; «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы N 53-II Заңы; ҚР ҚН (СН РК) 1.03-00-2022 «ҚҰРЫЛЫС ӨНДІРІСІ. КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, ҒИМАРАТТАР МЕН ҚҰРЫЛЫСТАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ»; ҚР ҚН (СН РК) 1.03-05-2011 «Құрылыстағы еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі»; ҚР ҚНДЖ (НДЦС РК) 8.04-09-2022 «Қосымша шығындардың сметалық нормалары. Құрылысты ұйымдастыруға және басқаруға жұмсалатын шығындар»; ҚР ҚН (СН РК) 3.03-01-2013 «Автомобиль жолдары»; ҚР ЕЖ (СП РК) 3.03-101-2013 «Automobil жолдары» (немесе «Автомобиль жолдары»); ҚР ҚН (СН РК) 3.03-22-2013 «Өнеркәсіптік көлік»; ҚР ЕЖ (СП РК) 3.03-122-2013 «Өнеркәсіптік көлік».

Қосымша

ТУ на прим АД Прил 14.2.pdf

ЗП.РРП_К.р.пАДиПл9скв27г.pdf

Қол қойған МАМАЕВ АРМАН БАХИТЖАНОВИЧ

Қол қойылған күні 30.10.2026

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

по закупке 1266831
способом Открытый тендер

Лот № 1 (119 Р, 4569768) Комплексные работы по строительству «под ключ»

Заказчик: Товарищество с ограниченной ответственностью "Совместное предприятие "Казгермунай"
Организатор: Товарищество с ограниченной ответственностью "Совместное предприятие "Казгермунай"

1. Краткое описание ТРУ

Наименование	**Значение**
Номер строки	119 Р
Наименование и краткая характеристика	Комплексные работы по строительству «под ключ», Комплексные работы по строительству, включающие выполнение проектных и изыскательских работ, строительство «под ключ», управление проектными и изыскательскими работами, строительством «под ключ» (при необходимости), и сопутствующая(ие) указанным работам поставка товаров, оказание услуг
Дополнительная характеристика	Комплексные работы по строительству подъездных дорог и площадок 9 скважин 2027г.
Количество	1.000
Единица измерения	-
Место поставки	КАЗАХСТАН, Кызылординская область, м/р КГМ
Условия поставки	-
Срок поставки	С даты подписания договора в течение 210 календарных дней
Условия оплаты	Предоплата - 30%, Промежуточный платеж - 60%, Окончательный платеж - 10%

2. Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики

ТЕХНИЧЕСКОЕ ЗАДАНИЕ

